

**Халыққа мемлекеттік нақты әлеуметтік көмек көрсететін учаскелік комиссиялар туралы Ережені бекіту жөнінде**

*Күшін жойған*

Алматы қаласы Әкімшілігінің 2002 жылғы 29 қаңтардағы N 1/80 қаулысы.  
Алматы қалалық Әділет басқармасында 2002 жылғы 8 ақпанда N 431 тіркелді

*Күші жойылды - Алматы қаласы Әкімдігінің 2005 жылғы 29 желтоқсандағы  
N 5 / 8 7 0 қаулысы мен .*

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 17 шілдедегі N 246-II "Мемлекеттік нақты әлеуметтік көмек көрсету туралы" Заңына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 24 желтоқсандағы N 1685 "Мемлекеттік нақты әлеуметтік көмек көрсету туралы" Қазақстан Республикасының Заңын орындау жөніндегі шаралар туралы" қаулысына сәйкес, Алматы қаласының Әкімшілігі  
қ а у л ы е т е д і :

1. Халыққа мемлекеттік нақты әлеуметтік көмек көрсететін учаскелік комиссиялар туралы Ереже N 1 қосымшаға сәйкес бекітілсін.
2. N 2 қосымшаға сәйкес халыққа мемлекеттік нақты әлеуметтік көмек көрсететін учаскелік комиссиялар құрылып, құрамы бекітілсін.
3. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы Әкімінің орынбасары А.Қ.Бижановқа жүктелсін.

*Алматы қаласының Әкімі  
Әкімшілік хатшысы*

Алматы қаласының әкімшілігінің  
2002 жылғы 29 қаңтардағы N 1/80

қаулысына қосымша  
" К е л і с і л д і "

Мәслихат хатшысы

**Мемлекеттік нақты әлеуметтік көмек  
көрсету жөніндегі учаскелік  
комиссиялар туралы  
ЕРЕЖЕ**

**1. Жалпы ереже**

1. Мемлекеттік нақты әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі Комиссия (мәтін бойынша әрі қарай - Комиссия) көмек сұраған тұлғаға (отбасына) нақты әлеуметтік көмек беру туралы қорытындыны даярлау және қажет болған жерде

олардың материалдық жағдайын тексеру үшін Алматы қаласының әкімшілігінің қаулысымен құрылады.

2. Комиссия құрамы жыл сайын құрылады және 7 адамнан кем болмауы керек. Комиссияға Алматы қаласының аудан Әкімінің орынбасары басшылық етеді.

Комиссия құрамына жергілікті өкілетті органдар, өзін-өзі басқару, қоғамдық бірлестіктер, үй (пәтер) иелері кооперативі, халық, білім беру өкілетті органдар мен ұйымдар, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау, қаржы және салық органдарының, ардагерлер Кеңесінің өкілдері, құқық қорғау қызметкерлері және т.б. кіреді.

3. Комиссия өз қызметінде Қазақстан Республикасының 17.07.2001 ж. N№246 -II "Мемлекеттік нақты әлеуметтік көмек туралы" Заңын, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 24.12.2001 жылғы N 1685 "ҚР мемлекеттік нақты әлеуметтік көмек туралы" Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" қаулысын, басқа ереже белгілейтін актілерін және осы Ережені басшылыққа алады.

## **2. Негізгі қызметтер**

1. Комиссия халықты әлеуметтік қорғау органдарына аса мұқтажды тұлғаларға отбасыларына қаражат жіберу мақсатындағы халыққа әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі қызметінде қолғабыс тигізеді.

2. Комиссия өкілетті органның - Алматы қалалық еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау Департаментінің аудандық еңбек, және халықты әлеуметтік қорғау орталығы (мәтін бойынша әрі қарай - өкілетті орган) - жазбаша тапсырма негізінде әлеуметтік көмек көрсету туралы қорытындыны даярлап және қажеттілігі бойынша өкілетті органның тапсырма берген күннен бастап 5 күндік мерзім ішінде тұрғылықты жеріне барып тұлғаның (отбасының) материалдық жағдайын тексереді.

3. Тұлғаның (отбасының) материалдық тексеру барысында Комиссия көмек сұраған адамның өтініш себептерін анықтайды. Тұлғаның (отбасының) материалдық жағдайын тексеру актісінде мына мәліметтер көрсетіледі:

отбасының құрамы туралы;  
отбасының жұмыс істейтін мүшелері туралы;  
еңбекке қабілетті жастағы отбасының жұмыс істемейтін мүшелердің - жұмыс істемеген себептері;

балаларға, мүгедектерге, қарттарға, ауруларға қарайтын, еңбекке қабілетті жастағы отбасы мүшелерінің бар болуы туралы;

тұлғаның (отбасының) жалпы табысы, соның ішінде аула шаруашылығынан, бау-бақшадан, саяжайдан және т.б. түскен табысы туралы.

4. Қажет болған жағдайда Комиссия, нақты әлеуметтік көмек алу үшін

ұсынылған отбасының мүлігі мен табысына қатысты мәліметтерді алу үшін тиісті органдарға сұрау жасауға құқықты.

5. Комиссияның тапсырмасы бойынша ұсынылған құжаттар іріктеліп қайта тексерілуі мүмкін.

6. Комиссия мәжілісі кем дегенде 10 күнде бір рет өткізіледі. Участкелік комиссияның бірінші мәжілісі Алматы қалалық еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау Департаменті өкілінің қатысуымен өтеді.

7. Комиссия мәжілісінің уақытында өткізілу жауапкершілігі участкелік комиссия төрағасына жүктеледі.

### **3. Комиссия қорытындысы**

1. Өкілетті органнан келіп түскен тұлғаның (отбасының) құжаттарын қарап, Комиссия мемлекеттік нақты әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытынды жасайды.

2. Комиссия шешімін мемлекеттік нақты әлеуметтік көмекке үміткер тұлғаның (отбасының) қатысуынсыз ашық дауыс беру арқылы қабылдайды.

3. Мәжілісте Комиссия құрамның 3/4 бөлігі қатысса, оның шешімі құқылы болып саналады.

4. Егер қатысып отырған Комиссия құрамының басым көпшілігі тұлғаға №(отбасына) дауыс берген жағдайда, оның қорытындысы оңды болып табылады.

Қорытындыға комиссияның төрағасы мен мүшелері қол қойып, оны өкілетті органға ұсынады.

*Әкімшілік хатшысы*

Алматы қаласының әкімшілігінің  
2002 ж. 29 қаңтардағы N 1/80

қаулысына қосымша

"Келісілді"

Мәслихат хатшысы

**Әуезов**

**аудандық**

**участкелік**

**комиссиясының құрамы**

*Ескерту. Қосымша өзгерді - Алматы қаласы Әкімшілігінің 2002 жылғы 19 шілдедегі N 3/470 , 2003 жылғы 26 мамырдағы N 2/319 , 2004 жылғы 19 мамырдағы N 3/424 , 2005 жылғы 10 мамырдағы N 2/259 қаулыларымен.*

1. Ченсизбаев Б.А. - комиссия төрағасы, әкімнің орынбасары.

2. Исламова Нұрила - комиссия төрағасының

Бақбергенқызы

орынбасары, Алматы қаласы  
Әуезов аудандық жұмыспен қамту  
және әлеуметтік бағдарламалар  
орталығының бастығы

3. Имамбекова Күләйша Қазақбайқызы - комиссия хатшысы, Алматы қаласы  
Әуезов аудандық жұмыспен қамту  
және әлеуметтік бағдарламалар  
орталығының тұрмыс деңгейін  
талдау және әлеуметтік  
бағдарламалар бөлімінің бастығы.

**Комиссия мүшелері:**

4. Абдуллаев Т.И. - Дружба қалалық үлгідегі кенттің  
жергілікті өзін-өзі басқару  
комитетінің төрағасы.
5. Дүйсенов Қ.Қ. - Шаңырақ 1, 2, 3 ықшам  
аудандарының жергілікті  
өзін-өзі басқару комитетінің  
т ө р а ғ а с ы .
6. Сағатолла Ү.Т. - Шаңырақ 3, 4 ықшам аудандарының  
жергілікті өзін-өзі басқару  
комитетінің төрағасы.
7. Жакина Ш.А.. - аумақтық қайырымдылық және  
зейнеткерлерді жұмыспен қамту  
орталығының директоры.
8. Иманалиев К.И. - мүгедектер қоғамының төрағасы.
9. Бейсембина Н.Н. - көп балалы отбасылар одағының  
төрағасы, Мәслихат депутаты.

*Әкімшілік хатшысы*

Алматы қаласының әкімшілігінің  
2002 ж. 29 қаңтардағы N 1/80  
қаулысына қосымша

" К е л і с і л д і "

Мәслихат хатшысы

**Алмалы**

**аудандық**

**учаскелік**

**комиссиясының құрамы**

*Ескерту. Қосымша өзгерді - Алматы қаласы Әкімшілігінің 2002 жылғы 19 шілдедегі N 3/470 , 2002 жылғы 13 қарашадағы N 5/724 , 2003 жылғы 26 мамырдағы N 2/319 ; 2003 жылғы 17 қыркүйектегі N 4/535 және 2004 жылғы 26 қарашадағы N 4/955 , 2005 жылғы 10 мамырдағы N 2/259 қаулыларымен.*

1. Абдрахманов Ержан - комиссия төрағасы, Алматы қаласы  
Ахметұлы Алматы ауданы Әкімінің  
о р ы н б а с а р ы .
2. Братенков Александр - комиссия төрағасының  
Иванович орынбасары, Алматы қаласы  
Алмалы аудандық жұмыспен қамту  
және әлеуметтік бағдарламалар  
орталығының бастығы.
3. Саботаева Бақыт - комиссия хатшысы, Алматы қаласы  
Аққанқызы Алмалы аудандық жұмыспен қамту  
және әлеуметтік бағдарламалар  
орталықтың тұрмыс деңгейін  
талдау және әлеуметтік  
бағдарламалар бөлімінің бастығы.

**Комиссия мүшелері :**

4. Коржинская Г.С. - зейнеткерлерді әлеуметтік  
қызмет көрсету аумақтық  
орталығының бастығы.
5. Ергожаева А.Д. - көп балалы отбасылар одағының  
т ө р а ғ а с ы .
6. Камышева В.И. - мүгедектер қоғамының төрағасы.
7. Адильбеков З.У. - ардагерлер кеңесінің төрағасы.
8. Ақмұрзина З.Б. - аудандық білім бөлімінің бас

9. Бертанов А.Б. - жедел дәрігерлік жәрдем көрсету  
ауруханасының бас дәрігері,  
Мәслихат депутаты.

*Әкімшілік хатшысы*

Алматы қаласының әкімшілігінің  
2002 ж. 29 қаңтардағы N 1/80

қаулысына қосымша  
" К е л і с і л д і "

Мәслихат хатшысы

**Бостандық аудандық учаскелік  
комиссиясының құрамы**

*Ескерту. Қосымша өзгерді - Алматы қаласы Әкімшілігінің 2002 жылғы 13 қарашадағы N 5/724 ; 2003 жылғы 17 қыркүйектегі N 4/535 , 2004 жылғы 19 мамырдағы N 3/424 , 2005 жылғы 10 мамырдағы N 2/259 қаулыларымен.*

1. Сакенов Ж.Т. - комиссия төрағасы, әкімнің  
о р ы н б а с а р ы .
2. Кастаева У.М. - комиссия төрағасының  
орынбасары, еңбек және халықты  
әлеуметтік қорғау орталығының  
б а с т ы ғ ы .
3. Қайдуова Нәкен - комиссия хатшысы, Алматы қаласы  
Құлмаханбетқызы Бостандық аудандық жұмыспен  
қамту және әлеуметтік  
бағдарламалар орталықтың тұрмыс  
деңгейін талдау және әлеуметтік  
бағдарламалар бөлімінің бастығы.

**Комиссия мүшелері:**

4. Райхан Айдарқызы - аудандық "Ұстаз" кәсіподақ  
Мырзалиева комитетінің төрағасы.
5. Аметова О.А. - білім беру бөлімінің  
м е н г е р у ш і с і .

6. Беғымбетов Ә.С. - аудандық коммуналдық шаруашылық бөлімінің меңгерушісі.
7. Шәріпхан Исажанұлы Матаев - аудандық ішкі істер басқармасының орынбасары.
8. Биржанов Х.Б. - ардагерлер кеңесінің төрағасы.
9. Айбекова К.А. - жұмыспен қамту орталығының меңгерушісі.
10. Қалиулла Халықұлы Халықов - Мәслихат депутаты, соттық үкімет және қылмыс процесі кафедрасының меңгерушісі, заң ғылымдарының докторы, Әл-Фараби атындағы Қазақтың Ұлттық университетінің профессоры.
11. Сәдуақасова Нұрилаш Ергедекқызы - аудандық көп балалы аналар Одағы қоғамдық ұйымының төрағасы.

*Әкімшілік хатшысы*

Алматы қаласының әкімшілігінің  
2002 ж. 29 қаңтардағы N 1/80

қаулысына қосымша  
" К е л і с і л д і "

Мәслихат хатшысы

**Жетісу аудандық учаскелік комиссиясының құрамы**

*Ескерту. Қосымша өзгерді - Алматы қаласы Әкімшілігінің 2002 жылғы 19 шілдедегі N 3/470 ; 2002 жылғы 13 қарашадағы N 5/724 ; 2003 жылғы 17 қыркүйектегі N 4/535 , 2004 жылғы 25 тамыздағы N 3/706 , 2005 жылғы 10 мамырдағы N 2/259 қаулыларымен.*

1. Ділмаханбетов Ермек - комиссия төрағасы, Алматы қаласы Қырғызбайұлы Жетісу ауданы Әкімінің орынбасары.

2. Нүсіпова Шолпан Байжұмақызы - учаскелік комиссияның орынбасары, Жетісу аудандық еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау орталығының бастығы.
3. Әмірбеков Нұрмұхамет-Әмірбекұлы комиссия хатшысы, аудандық еңбек және халықты әлеуметтік қорғау орталығы тұрмыс деңгейін талдау бөлімінің бастығы.

**Комиссия мүшелері:**

4. Габдуллин А.Н. - аудандық ішкі істер басқармасының бастығы.
5. Сикымбаев Ренат Оразұлы - Алматы қаласы Жетісу ауданы әкімінің аумақтық өзін-өзі басқару мәселелері жөніндегі кеңесші-үйлестірушісі.
6. Өміралиева С.Ә. - соғыс ардагері және зейнеткерлер кеңесінің төрағасы.
7. Даниярова Бейсенгүл Бәзікенқызы - аудандық Әкім аппараты әлеуметтік сала бөлімінің б а с т ы ғ ы .

*Әкімшілік хатшысы*

Алматы қаласының әкімшілігінің  
2002 ж. 29 қаңтардағы N 1/80

қаулысына қосымша  
" К е л і с і л д і "

Мәслихат хатшысы

**Медеу аудандық учаскелік  
комиссиясының құрамы**

*Ескерту. Қосымша өзгерді - Алматы қаласы Әкімшілігінің 2002 жылғы 19 шілдедегі N 3/470 ; 2002 жылғы 13 қарашадағы N 5/724 ; 2003 жылғы 26*



мамырдағы N 2/319 , 2004 жылғы 19 мамырдағы N 3/424 , 2004 жылғы 25 тамыздағы N 3/706 , 2005 жылғы 10 мамырдағы N 2/259 қаулыларымен.

1. Қырықбаев Арман Оразбайұлы - комиссия төрағасы, Алматы қаласы Медеу ауданы Әкімінің орынбасары.
2. Қалықова Айгүл Оразқызы - комиссия төрағасының орынбасары, Алматы қаласы Медеу аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар орталығының бастығы.
3. Сатылғанқызы М. - комиссия хатшысы, аудандық еңбек және халықты әлеуметтік қорғау орталығының тұрмыс деңгейін талдау бөлімінің бастығы.

**Комиссия мүшелері:**

4. Абланова К.Ж. - көп балалы отбасылар одағының төрағасы.
5. Айтбаев Сәкен Сейданұлы - аудандық ішкі істер басқармасының орынбасары.
6. Бейсембиев Мырзахан Бейсембиұлы - Медеу аудандық соғыс ардагерлері және зейнеткерлер Кеңесінің төрағасы.
7. Оразова Гүлдана Мұратханқызы - Алматы қаласы Медеу аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар орталығының жұмыспен қамту, әлеуметтік әріптестік және еңбек қатынастары бөлімінің бастығы
8. Бабич Е.Ф. - аудандық салық комитеті төрағасының орынбасары.
9. Клишко Л.К. - мүгедектер қоғамының төрағасы.

10. Жұмабекова Динара Төлеубайқызы - Алматы қаласы Медеу ауданы әкімдігінің әлеуметтік сала бөлімінің меңгерушісі.

11. Омаров К.Т. - N 5 қалалық клиникалық аурухананың бас дәрігері, Мәслихат депутаты.

*Әкімшілік хатшысы*

Алматы қаласының әкімшілігінің  
2002 ж. 29 қаңтардағы N 1/80

қаулысына қосымша  
" К е л і с і л д і "

Мәслихат хатшысы

**Түркісіб аудандық учаскелік  
комиссиясының құрамы**

*Ескерту. Қосымша өзгерді - Алматы қаласы Әкімшілігінің 2003 жылғы 17 қыркүйектегі N 4/535 , 2004 жылғы 25 тамыздағы N 3/706 , 2005 жылғы 10 мамырдағы N 2/259 қаулыларымен.*

1. Яковлева Надежда Николаевна - комиссия төрағасы, Алматы қаласы Түркісіб ауданы әкімінің орынбасары.

2. Кенштыбаева Раиса Мұрзағалиқызы - учаскелік комиссияның орынбасары, Түркісіб аудандық еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау орталығының бастығы.

3. Мамебекова Шолпанкүл-Құлахметқызы - комиссия хатшысы, Алматы қаласы Түркісіб аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар орталығының тұрмыс деңгейін талдау және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің бастығы.

**Комиссия мүшелері:**

4. Джамбабаева К.А. - Ішкі саясат және әлеуметтік орта бөлімінің бас маманы.
5. Белоносова Г.Я. - аумақтық-қоғамдық өзін-өзі басқару комитетінің төрағасы.
6. Ромахова Л.В. - ПИК және ҮИК ассоциациясының төрағасы.
7. Бектемісов Нұрлан Бағдатұлы - Алматы қаласы Түрксіб ауданы салық комитетінің бастығының орынбасары.
8. Құрманбеков Дастан - Алматы қаласы Түрксіб ауданы Әділет басқармасының құжаттандыру және тіркеу бөлімінің бас маманы.
9. Айымбетова Бибіраба - аудандық көп балалы аналар одағының төрағасы.
10. Ноерманова Қәтила Дүсіпқызы - N 4 балалар емханасының бас дәрігері, Алматы қаласы Мәслихатының депутаты.
11. Ахметов Ермек Әнуарұлы - Алматы қаласы Түрксіб аудандық ішкі істер бөлімі бастығының орынбасары.

*Әкімшілік хатшысы*